



КӘСІПҚОЙ БОКС

Головкин және Альварес арасындағы жекпе-жек неге көпшіліктің назарын өзіне аударды? Қыркүйектің 16сынан 17іне қараған түні Лас-Вегаста (Невада, АҚШ) бокссүйер қауым асыға күткен және жылдың ең маңызды жекпе-жектерінің бірі — Геннадий Головкин (Қазақстан) және Сауль “Канело” Альварес (Мексика) арасында өтеді. Атақты чемпион “Палач” Бернард Хопкинс өз сөзінде: “Бұл бокстағы соңғы 20 жыл ішіндегі қанды айқастардың бірі болады. Біз бұл жекпе-жек жайында аяқталғаннан кейін, талай рет сөз қозғайтын боламыз”, — деген болатын.

Неге бұл кездесу Мэйвезер-МакГрегор арасындағы жекпе-жектен маңыздырақ? Мэйвезер — МакГрегор жекпе-жегі біріншіден аттракцион іспеттес болды: рингте бес салмақтағы Әлем чемпионы және мүлде басқа спорттан келген UFC-дің чемпионы кездесу өткізді. Головкин және Альварес — бір салмақтағы екі өте мықты және боксқа еңбек сіңірген спортшылар. Конор бокстағы дебюттық жекпе-жегін өткізсе, Геннадий кәсіпқой бокста — 37, ал Сауль — 51 мәрте шаршы алаңға көтерілген. Альварес әлемдік деңгейдегі 4 титулды иеленсе, Головкинде мұндай жетістік — 3. Екі боксшы да салмақтарын қарамастан бокс әлемінде топ-10 спортшының қатарында. МакГрегор — Мэйвезер жекпе-жегінде айқын фаворит кім екені белгілі болды. Бұл жерде барлығы біз ойлағаннан қиын. Формалды түрде Головкинде аздаған басымдық бар, бірақ дәйексөздерге қарамастан, эксперттер мен болжам айтушылардың пікірі жеңімпазды анықтай алмай отыр. Мэйвезер — Макгрегор жекпе-жегінің нәтижесі боксқа айтулы жаңалық әкелген жок. Бұл жекпе-жектің алдында үш бірдей беделді атақ түр — WBC, WBA, IBF. Альварес жеңіске жетсе, WBC белдігін ала алмайды. Бұлар жекпе-жектің бір бөлшегі ғана, Головкин — Альварес жекпе-жегінің жеңімпазы ғаламдағы орта салмақтың күштісі және қазіргі заманның боксшылары арасында үздік болып танылатыны анық.

Олар жекпе-жектен қанша қаржы табады? Жекпе-жекке арналып сатылымға шыққан билеттер 2 айдың ішінде сатылып кеткен. T-Mobile Arena 20 мың көрерменді сыйғыза алатын кешен және кешті ұйымдастырушылар 30 миллион доллар көлемінде пайда тапқан — бұл бокс тарихындағы көрнекті көрсеткіш. Жекпе-жектің промоутері Оскар Де Ла Хойя қаржылы көрсетілімдердің саны 3 миллионға жететінін айтқан. Альварес PPV (PPV — pay-per-view) көрсетілімдерін сатууды жақсы менгерген, тіпті оны Флойд Мэйвезердің өзі мойындаған. Айтпақшы, Альверстің PPV көрсетілімдерін сатудағы үздік көрсеткіші 2013 жылы Мэйвезермен өткен жекпе-жегінде тіркелген. Ол жекпе-жекте 2,2 миллион көрсетілім сатылған.

Головкин қандай жетістіктерімен мақтана алады? Головкин кәсіпқой бокста — 37 кездесу өткізіп, 33 жекпе-жекті нокаутпен аяқтаған және жеңіліп көрмеген. Ол — өте қарымды және әсерлі боксшылардың қатарынан. Әуесқой бокста Головкин Әлем чемпионатында топ жарды және 2004 жылғы Олимпиада ойындарында күміс жүлдеге қол жеткізді. Кәсіпқой бокста GGG жанкүйерлеріне қатыгез нокаутер ретінде жақсы таныс. Чемпионның басты қаруы қарсыластың басына тура соққы жасау, қорғанысты бұзып барып жасаған соққысы талай қарсыласының ринг төрінде сұлап түсуіне себепкер болды. Көптеген нокаутер боксшылардан Геннадийдің артықшылығы — оның рингтегі жылдамдығы. Ол кеністікті қиып жұмыс жасайды, бұл оның қарсыластарының кез-келгенін есінен тандыруға жеткілікті. Сондай-ақ Геннадий үнемі жекпе-жек өткізеді бұл қазіргі заманғы чемпиондар үшін сирек кездесетін көрсеткіш. Ол үшін бір жылда үш жекпе-жек өткізу ешқандай қиындық



ЖЫЛ ЖЕКПЕ-ЖЕГІ ГОЛОВКИН - АЛЬВАРЕС

билеттерді сауатты түрде сатады, бірақ PPV-ға емес. Оның Дэниел Джейкобспен өткізген соңғы жекпе-жегін 170 мың адам сатып алып тамашалаған. Салыстырыңыз, Канелонның соңғы жекпе-жегінің көрсетілімі (Хулио Сесар Чавес кішіге қарсы) 1,2 миллион адамды құраған. Канелонның қандай артықшылығы бар? Көптеген мексикалықтар секілді, Канело бокстағы мансабын 16 жасында бастаған. Тіпті жасөспірім кезінде ол физикалық күшке ие болған — кәсіпқой бокстағы мансабының алғашқы 19 айында 13 қарсыласының 11ін нокаутқа түсірген. Альварестің мансабы Головиннен мүлде басқаша. Ол өз атын Шейн Мозли және Мигель Котто сынды жұлдызды және атақты боксшыларды жету арқылы қалыптастырды. Оның Кермит Цинтрон,

Остин Траут, Карлос Бальдомир, Хулио Сесар Чавес-кіші сияқты бұрынғы әлем чемпиондарына қарсы жеңіске жеткен кездері аз болған жок. Канело кәсіпқой бокста өткізген жекпе-жектерін түгелдей дерлік, физикалық тұрғыдан басып озды. Сауль көп уақыт бойы бірінші орт салмақта жұлдыржасты (69,85 кг). Альварестің мансабындағы жалғыз жеңіліс Мэйвезермен өткен жекпе-жекте тіркелді, бірақ Альварес ол кездесуде біраз ақша иеленді. Сауль көпсөккілы комбинациямен тамаша жұмыс жасай алады және бұл бір сәттік нокауттық соққының жоқтығынан өтемақысы іспеттес. Альварестің көптеген уақытынан бұрынғы жеңістері — қарсыласқа бағытталған көп соққының әсерінен болатын нокаут. Айттып өткендей, Альварес — ақылы

көрсетілімдерді сатуға нағыз шебер боксшы, тіпті оның ең әлсіз көрсеткіштері (Лнам Смитке қарсы сатылған көрсетілім 300 мың, Амир Ханға қарсы — PPV-дан 600 мың көрсетілім) Головкиннің үздік көрсеткіштерін оп-онай басып озады. Сарапшылардың пікірі теңдей екіге бөлінді. Альварестің жеңісіне — Флойд Мейвезер, Энтони Джошуа, Амир Хан сияқты боксшылар баға берген. Головкиннің жеңісіне — Руслан Проводников, Пол Малиньяджи секілді былғары қолғап шеберлері қазақстандықтын жеңіске жететініне сенімді. Рэй Леонард және Сергей Ковалев екі боксшының мүмкіндіктерін 50 де 50ге бағалаған. Неге қос боксшыға да жеңіс ауадай қажет?

Біріншіден, әрине, бұл жекпе-жек үлкен ақшаға жоспарланып отыр. Екіншіден, құлаққа жағымсыз естілсе де бедел үшін. Жеңіс екі боксшыға да бағалы. Канело мұндай физикалық мықты және соққысы қарымды боксшымен рингте кездескен жок. Ал Головкин мұндай жұлдызды дәрежедегі және жоғары деңгейлі боксшымен жұлдырықтаспады. Жеңілістің әсері Геннадийге қатты тиері анық. Жасы 35-те, және 27 жастағы Альвареске қарағанда кәсіпқой бокстағы мансабы аяқталуға жақын. Тіпті Сауль жеңілген күнін өзінде оның жанкүйерлері және жарнама-лаушылары азаймақ емес. Егер жекпе-жек бәсекеге толы және жоғары дәрежеде өтсе, реванштық жекпе-жек өтуі де ғажап емес. Бекет АЙСҰЛТАН

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

СОЛАҚАЙЛАР ТУРАЛЫ 13 ДЕРЕК

Әлемдегі халықтың шамамен 10-12 пайызы солақайлар. Зерттеу нәтижелеріне қарағанда, әйел адамдардан гөрі жігіттер қауымы көп жағдайда солақай болып келеді екен. Халықаралық "Солақайлар күні" реми түрде 13 тамызға бекітілген. Бұл күнді белгілеу туралы шешім 1992 жылы қабылданған. Солақайлық әр кезеңдерде әр түрлі бағаланып келген. Кейбір халықтар бұл қасиетті әдет ретінде түсінсе, бір халық жының белгісі ретінде қабылдаған. Нью-Йорктегі Сэйнт Лоуренс университеттегі ғалымдарының зерттеуінің нәтижесі бойынша ақылдылық коэффициенті солақайларда жоғарырақ болады екен. Мәселен, Альберт Эйнштейн, Исаак Ньютон, Чарльз Дарвин және Бенжамин Франклин солақай адамдар болған.

40-тан асқан әйелдің баласының солақай болып туылу ықтималдылығы өте жоғары болады. Эскимостар солақай адамды сиқырға икемі бар адам деп біледі. Мароккода солақайларды жын деп атайды. Солтүстік америкалықтар солақайларды жолы ашық адам ретінде бағалайды. Адам баласының 90 пайызы онақай болса да, жан-жануарларда бұл икем тең бөлінген. Ғалымдардың айтуынша, солақайлар



математика, архитектура секілді кеңістікке байланысты ғылымдарға икемдірек болады. Солақайлық ұрпаққа қанмен беріле береді. Солақай жандардың миының оң және сол бөліктерінің байланысы өте сапалы. Осының әсерінен олар тез ойлайтын, тез шешім қабылдайтын болып келеді. Әлемдегі 1 пайыз адам ғана екі қолымен бірдей икемде жұмыс істей береді. Сәбилі етпетімен жатқызғанда онақайлар басын оңға бұрып жатса,

солақайлар керісінше істейді немесе сол күйі жата береді екен. Әлемге әйгілі болған солақайлардың арасында Пол Маккартни, Билл Гейтс, Фидель Кастро, Генри Форд, Чарли Чаплин, Александр Великий, Леонардо да Винчи, Микеланджело, Льюис Кэрролл, Юлий Цезарь, Моцарт, Бетховен, Ницше, Марк Твен, Прокофьев, Гете, Кафка секілді планета мақтаныштары бар.

Ақнұр МҰРАТҚЫЗЫ

ҚҰРДЫМҒА КЕТКЕН СЕКСЕУІЛ...

Бүгін әжем ұйқыдан ерте оялды. Далада бір дыбыс естіліп, Қызылқұмның топырағы күніренгендей көрінді. Әжем ішінен: «Апырай, топырақ та сексеуілді аңсайды екен-ау», - деп күбірледі. Мен танырқам: «Әже, топырақ күнірене ме?», - дегенімде, әжем: «Жарығым-ай, мына күдіреті күшті әлем барлығын да күнірентпей қоймасы анық», - деді. Мен көп ойла-нып, айналама қарап, ұзақ отырдым. Қарап отырсам, қызыл топырақ бізге төніп келе жатқандай.

Мені толғандырып отырғаны — сексеуілдің қайда кетіп жатқаны. Содан сексеуілдің қалай құрып жатқанын сұрамақ боп, әжеме қарай беттедім. Әжем де үнсіз отыр, кейде күбірлеп, өз-өзіне сөйлеп қояды. - Әже, сонда сексеуіл қайда кетіп жатыр, сексеуіл жойылса біздің, һәм мына кара халықтың халі не болмақ? - дедім. Әжем: - Балам-ай, сексеуілдің азайғаны — адамдардың жауыздығы да сірә! Бақылау мен жанашырлықтың жоқтығынан және есепсіз пайдаланудан Қызылқұм алқабында сексеуілден басқа да, жүзген жынғыл секілді бұта мен өсімдіктер сиреп барады, қарағым! Жеке басының қамын күйттеген халық қыстық отыны ретінде алып, суықта жағалды емес пе? Қазір пейіл де, қанағат та жок. Сары даланың адырнасы тас-талқан болды. Егер Қызылқұмның жауһарларын жаппай құртатын болсақ, табиғат—Ананың көзіне аямай құм сепкеніміз. Осыдан жиырма-отыз жыл бұрын қарасаң көз тоймайтын Қызылқұмда қазір ешкім де аяқ басып жүргісі келмейді. Коммунистік кезеңде мұндай алқаптарды жаппай қорғауға алғызатын, қазір қорғауға алмақ түгілі, ешкім ойлап та жүрген жок секілді.

ӘЖЕМНІҢ ӘҢГІМЕСІ



Мен өзімді ойлап отырғаным емес, сендерді ойласам, жүрегім қан жылайды. Ата-бабамыз аманат етіп қалдырған жерлерде ендігі күнде өмір сүре алар ма екенсіңдер, мирастан мақұрым қалған боздақтарым-ай?! Таяу болашақта бұл өңірде алапат құм көшкіні болатынын білсе де, небір өлермендер қояр емес. Туған жеріміздің соры әбден қайнады. Міне, сексеуіл адамдардан безінді деген осы, балам», — деп қынжылып сөзін

аяқтады. Қазақ жастары, ата-бабамыздан аманат болып қалған жерлерді неліктен аяусыз қорлаймыз?! «Аманатқа қиянат жасаған» деген осы емес пе? Ойланайық, жастар, өзгеге де ой салайық! Жастарымыздың білімділігі тек кітапты парактау емес! Еліне деген жанашырлық тұрғысынан да ой жарыстыру қажет. Міне, білімділік деген — сол.

Ғаухар ҚАПАШ